

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

FTAMP 14.15.07

Г.Ш.Пазылова¹, А.Д.Мусина²

¹п.ғ.м., Педагогикалық шеберлік орталығы филиалы, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0009-0008-2816-877> E-mail:gpazilova@mail.ru

²п.ғ.м., Педагогикалық шеберлік орталығы филиалы, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0009-0009-5509-9240> E-mail: musina.aigul@mail.ru

ПЕДАГОГ ТӘЖІРИБЕСІН ЖЕТІЛДІРУДЕ САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Мақалада орта білім беруді реформалау жағдайында еліміздің мектептеріне заманауи оқыту тәсілдемелері мен технологияларын жетік білетін педагог маманның тәжірибесін жетілдіру мәселесі қарастырылған. Осыған орай, өзінің тәжірибесі мен әріптестерінің тәжірибесін талдау, өз тәжірибесінің даму бағыттарын айқындау, әріптестермен бірлесе отырып сабақты/ іс-әрекеттегі зерттеу және зерттеу нәтижелерін тарату, қазақстандық педагогтің өзекті дағдылары болып табылатындығы жан-жақты зерттелген. Сонымен қатар авторлар педагогтің міндеттеріне өзінің кәсібилік тәжірибесін жетілдірудің, шығармашылық әлеуетін белсендірудің өзектілігіне шолу жасаған. Осыған орай, Сабақты зерттеу (Lesson Study) қазіргі мектептегі оқыту мен оқу жұмыстарын жетілдірудің бір тәсілі ретінде пайдалану мәселесі қарастырылады. Сабақты зерттеудің түрлері мен модельдеріне және оны ұйымдастырудың кезеңдеріне қысқаша сипаттама беріледі.

Кілт сөздер: «Сабақты зерттеу (Lesson Study)» тәсілі, фокус тобы, зерттеу сұрағы, сабақты жоспарлау, бақылау, талқылау.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Педагогтің міндеттеріне өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіру, зерттеу, интеллектуалдық және шығармашылық деңгейін дамыту жатады. [1] Педагогтердің шығармашылық және тұлғалық әлеуетін белсендіру орта білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстың басым бағыттарының бірі болып табылады.[2]

Орта білім беруді реформалау жағдайында еліміздің мектептеріне заманауи оқыту тәсілдемелері мен технологияларын жетік меңгерген құзыретті педагогтер аса қажет. Зерттеу тәсілдемесі жаңартылған бағдарламаларды әзірлеуде қолданылатын тәсілдемелердің бірі болып табылады. Халықаралық зерттеулер тұрақты түрде ғылыми әдебиеттерді зерделеумен және өз тәжірибесін зерттеумен айналысатын педагогтер өзінің оқыту дағдылары мен сабақ беру сапасын айтарлықтай жақсартатынын көрсетіп отыр. Зерттеу жүргізу мұғалімдердің сыныпта немесе мектепте туындайтын нақты проблемалардың шешімін табуын көмектеседі.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №941 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында мектептегі мұғалімнің кәсіби рөлі өзгеріп, ол білім беру, оның ішінде цифрлық білім беру ортасындағы оқу, жобалық және ғылыми зерттеу қызметін ұйымдастырушыға, кеңесшіге, жоба жетекшісіне, зерттеушіге айналады.

TALIS-2018 халықаралық зерттеуінің деректері қазақстандық мұғалімдердің кәсіби дамудың тиімді түрлеріне белсенділікпен қатысатынын көрсетті, қазақстандық мұғалімдердің басым бөлігі (94%) әріптестерінің сабақтарын бақылауға, коучинг процесіне қатысатынын көрсеткен. Мектепте сапалы білім беруді қамтамасыз ету үшін мұғалімдердің зерттеу дағдыларын дамыту педагогтердің үздіксіз дамуының маңызды бағыты болып табылады. Және үнемі қолдау көрсетуді қажет етеді.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығымен бекітілген «Педагог» кәсіби стандартында кәсіби дамуға ерекше көңіл бөлінеді: мектеп педагогі өзінің кәсіби дамуын басқаруы және тиімді педагогикалық қызмет үшін өз құзыреттілігін дамытуы керек. Осыған орай, тиімділік критерийі- өзінің тәжірибесі мен әріптестерінің тәжірибесін талдау, өз тәжірибесінің даму бағыттарын айқындау, әріптестермен бірлесе отырып сабақты/ іс-әрекеттегі зерттеу және зерттеу нәтижелерін тарату, қазақстандық педагогтің өзекті дағдылары болып табылады. Бұл білім беру процесін зерттеу тәсілдемелерін, әдістері мен құралдарын білуді, білім беру процесін жетілдіруге қатысты қолданыстағы зерттеу нәтижелерін зерделеуді және сабақты зерттеу (Lesson Study) жүргізуді қажет етеді. Мұғалімдер үшін «Іс-әрекеттегі зерттеу» және «Сабақты зерттеу/Lesson Study» тәсілдемелері өз тәжірибесін зерттеу мен оқушылардың білім сапасын арттырудың тиімді құралы болып табылады.

НӘТИЖЕЛЕР

Сабақты зерттеу/Lesson Study – мұғалім тәжірибе саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше нысанын сипаттайтын педагогикалық тәсіл. [3] Бұл тәсіл «сабақ жоспарлау, сабақ жоспарын талқылау, зерттеу сабағын өткізу, сабақтан кейінгі талқылау үдерістерін қамти» [4] отырып, «оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіруді, соның нәтижесінде түпкі мақсат – оқушылардың оқу үлгерімін арттыруды» көздейді. Яғни, Сабақты зерттеу – кәсіби білім алу үрдісі. Оқыту мен оқуды үздіксіз жетілдіру мақсатында бірлескен рефлексивті мектеп тәжірибесі. Lesson Study Жапонияда 19 ғасырдың 70-ші жылдарында бастау алады және бүкіл әлемде кеңінен танылады.

Lesson Study- ді қандай мақсатпен жүргізу қажет?

Lesson Study тәсілі тиімді, себебі ол мұғалімдерге:

- әдеттегіге қарағанда балалардың білім алғандығының анағұрлым анық, әртүрлі қырларынан және егжей-тегжейлі дәлелін көруге;
- мұғалімнің пікірі бойынша балаларды оқыту барысында не болуға тиіс, ал шындығында жағдай қандай екендігі арасындағы айырмашылықты көруге;
- оқытуды нәтижесінде оқушылардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратындай етіп қалай жоспарлау керектігін түсінуге;
- *Lesson Study*-ді басты мақсаты оқушыларға білім алуға көмектесу және топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету болып табылатын мұғалімдердің желілік қоғамдастығы аясында іске асыруға;
- *Lesson Study* мүмкіндіктерін өзінің педагогикалық тәжірибесінде қолдануға көмектеседі. [3]

ТАЛҚЫЛАУ

Lesson Study мақсаты – бұл зерттеу сабағы. Яғни, сабақты зерттеудің өзі. Шын мәнінде, Сабақты зерттеу мұғалімдер өз тәжірибелерін жетілдіре алатын өте тиімді құрал бола алады. Мұны түсінбестен, Сабақты зерттеу тиімді болмайды, өйткені мұғалімдер оны өткізуге ішкі мотивацияға ие болмайды. Олар сабақты зерттеуге қатыса бастауы мүмкін (мысалы, мектеп директорлары 6 айлық курстардан өтіп, бұл тапсырманы мектеп мұғалімдерінің алдына қойғандықтан немесе «Мұғалімнің тәжірибесіндегі зерттеу» курстарынан өткендіктен және курстарды аяқтау шарттарына сәйкес олар сабақты зерттеу процесін бастауы керек).

Егер мұғалімнің ішкі мотивациясы болмаса және сабақты зерттеуге қатысу оның тәжірибесін жақсартуға қалай көмектесетінін түсінбесе, оның сыртқы мотивациясы ішкі мотивацияға айналмайды. Бұл мұғалімнің біраз уақыттан кейін сабақты зерттеуге қатысуын тоқтату қаупі жоғары екенін білдіреді.

Жапонияның ұлттық білім беру саясаты институтының аға ғылыми қызметкері Тошия Чичибудің айтуынша, сабақты зерттеудің үш түрі бар, олардың әрқайсысы белгілі бір жеке сипаттамаларға ие.

1. *Педагогикаға назар аудару*
2. *Мұғалімдердің ынтымақтастығына назар аудару*
3. *Бақылау дағдыларына назар аудару*

Осы үш түрден басқа, мектеп немесе мектептегі мұғалімдер қауымдастығы Сабақты зерттеудің өзіндік түрін таңдай алады.

Кетрин Льюис, Миллс колледжінің профессоры, АҚШ, сабақты зерттеуге арналған көптеген басылымдардың авторы, соның ішінде Сабақты зерттеу туралы алғашқы ағылшын тіліндегі басылымның авторы, «does Lesson Study have a Future in the United States?» («АҚШ-та сабақты зерттеудің болашағы бар ма?») былай дейді: «АҚШ-та сабақты зерттеудің болашағы бар-жоғын білу үшін американдық тәрбиешілер бірнеше сұрақтарға жауап беруі керек және олардың бірі – «Жапонияда сабақты зерттеудің негізгі ерекшеліктері қандай, оны АҚШ-та сабақты зерттеу кезінде ескеру керек және қандай маңызды емес сипаттамаларды өзгертуге болады». Әрі қарай ол осы маңызды сипаттамаларды тізімдейді:

1. Ортақ ұзақ мерзімді мақсат/жалпы ұзақ мерзімді мақсат,
2. Important lesson content сабақ мазмұнының маңыздылығы,
3. Careful study of students/оқушыларды мұқият зерттеу,
4. LIVE observation of lessons/сабақтарды «тікелей эфирде» бақылау.[3] Мұғалімдер СЗ жүргізудің барлық басқа компоненттерін өз бетінше анықтай алады.

Осылайша, мектептің немесе мектепшілік мұғалімдер қауымдастығының Сабақты зерттеудің "өзіндік" түрін таңдауы оның тұжырымдамасына қайшы келмейді. Бұл жұмысты мұғалімдер тобымен сабақты зерттеуге кіріспес бұрын да жүргізуді ұсынамыз. Зерттеу барысында топтың әрбір қатысушысы Сабақты зерттеу оның кәсібилігін жақсартуға қалай үлес қосатынын және оның жеке сұраныстарына сәйкес келетіндігін бақылай алады.

Lesson Study қандай кезеңдерді қамтиды?

Lesson Study бірнеше кезеңнен тұрады – қадамдар:

1. Сабақты зерттеуді (Lesson Study) іске асырушы мұғалімдер үшін алғашқы қадам – **фокусты** немесе **зерттеу сұрағын** анықтау. Мұғалімдер сабақты жоспарламас бұрын зерттеу
2. сабақтарының фокусымен келіскеннен кейін, олар алдын-ала зерттеу жүргізуі керек. Бұл зерттеу сабақ тақырыбына қатысты әртүрлі аспектілерді қамтиды, соның ішінде оқу
3. материалдары, оқыту әдістері, соңғы зерттеулер (әдебиеттерге шолу) және оқушылар туралы ақпараттар (олардың бұрынғы білімі мен оқыту әдістері) кіреді.
4. Келесі қадам – **сабақты жоспарлау**. Сабақтар «әдетте бір немесе бірнеше әріптестермен бірлесіп мұқият жан-жақтылы жоспарланады» [4,14]. Ұлыбританияда қолданылатын Сабақты зерттеу моделінде [3] жоспарлау әдетте кем дегенде үш оқушыны ескере отырып жүзеге асырылады – олар мұғалімдер үшін ең үлкен қызығушылық тудыратын немесе жай ғана оқытудың үш деңгейін (жоғары, төмен, орташа) білдіретін адамдар болуы мүмкін.

5. Зерттеу сабағын жоспарлау арқылы сабақты зерттеу тобы **сабақ өткізетін** топтағы мұғалімді анықтайды, ал қалғандары зерттеу жоспарында көрсетілген мәселелерге назар аудара отырып, **сабақты бақылап, жазып алуы** керек. Бұл күндері технологияның дамуымен сабақты бақылап жазу жеңіл және нақты орындалуы мүмкін. Алайда, Такахаши мен Йошидо [4] атап өткендей, «зерттеу сабағы кезінде сыныптың табиғи атмосферасын құрметтеу әрқашан басымдық болып табылады». Сабақты зерттеудің ең құнды аспектілерінің бірі – бақылау кезінде мұғалімдер оқытудан гөрі оқушылардың іс-әрекеті туралы түсініктеме беруі (жазуы) керек. Сонымен қатар, сабақты зерттеу шеңберінде оқытуға баса назар аудару оның мұғалімдер арасындағы танымалдылығының негізі ретінде қарастырылуы мүмкін, өйткені мұғалімдер әріптестерінің сынынан қорықпайды, өйткені сабақ жоспары бірлесіп дайындалады [5].

Бақылауға дайындық

- бақылауды өткізу үшін оқушыларды таңдау (Ұсыныс: 3 деңгейлі, А,В,С деп аталатын, яғни аталған топқа қатысты оқушыларды таңдау)
- әр оқушыға бақылау жүргізетін мұғалімдерді анықтау (Ұсыныс: таңдалған әр оқушыны бақылауға 2 немесе одан да көп мұғалім қатысса, бақылаудың артықшылығы аса тиімді болуы мүмкін)
- Оқушыларды бақылау парақшаларын әзірлеу. (Ұсыныс: сабақ барысында әр оқушыдан күтілетін нәтижені ойластыру, мәселен: белгілі бір тапсырманы орындау барысында олар қандай дағды/білім көрсетеді, әр оқушының тапсырманы қандай көлемде орындауы күтіледі, қанша уақытта орындайды, сыныптастарымен қарам-қанынасқа қалай түседі, мұғалімнен (қажет болған жағдайда) қандай көмек алады, қандай ресурстар қолданады)
- сыныпта мұғалімдерді орналастыруды жоспарлау (Ұсыныс: әр мұғалім «өзінің» оқушысын бақылайды, бақыланатын оқушыларды жақсы көру, есту, олардың жұмыстарын бақылау, сонымен қатар, дәптерлеріндегі жазбаларды қарауға мүмкіндік болатын ыңғайлы орынға орналасу қажет; барлық жазбалар Бақылау парақшасына тіркеледі. Мұғалімдер қай оқушыны бақылайтындығын ашық көрсетпеуі тиіс)
- Мұғалімдердің бақылау парақшаларын тиянақты толтыру. (Ұсыныс: бақылау нәтижелерін талқылау барысында сенімді дәлелдеме ретінде қолдануға болатын түсініктемелердің маңыздылығын дайындық кезеңінде толық талқылап алған дұрыс)
- фото, бейнематериалдарды жинақтау (Ұсыныс: мұғалімдер сабақ барысында фото, бейнежазба болатындығын алдын-ала келісіп алады, өйткені кейбір оқушылар бұл кезде күйгелектене, өзіне сенімсіз болуы мүмкін)

Сабақты бақылау.

Аталған кезеңде мұғалімдер Дайындық кезеңінде алдын-ала келісіліп, жоспарланған барлық рәсімдерді ескере отырып жұмыс жасайды. Бұл кезеңге әзірленген төмендегі ұсыныстар біз міндетті түрде ұстану керек деген жеке сәттердің маңыздылығын айқындайды:

Ұсыныстар:

1. Әр мұғалімде сабақтың жоспары болады.
2. Әр мұғалімде Бақылау парағы болады.
3. Мұғалімдер сыныпта алдын-ала келісілген жоспарға сәйкес орналасады (ұсыныстар: мұғалімдер мүмкіндігінше түрегеліп тұрғаны дұрыс).
4. бақылауы мүмкін).
5. Мұғалімдер сабақтың барысына араласпайды (сабақ өткізетін мұғалімге немесе оқушыға көмек көрсетуге мүлдем болмайды(!)
6. Мұғалімдер Бақылау парақтарын толық тиянақты толтырады (ұсыныстар: Бақылау парағын толтыру барысында нақты фактілерге емес жеке эмоцияға негізделген «ұнады» - «ұнамады» сияқты бағалау пікірлерінен аулақ болу керек).
7. Мұғалімдер фото және бейнематериалдар жинайды (алдын-ала келісімге сәйкес)

Ескертпе: сабаққа мектеп әкімшілігі (директор немесе орынбасары), шығармашылық топқа кірмеген және дайындық кезеңіне қатыспаған, дегенмен Сабақты зерттеу әрекетін бақылауға қызығушылық танытатын мұғалімдер қатысуы мүмкін. Бұл жағдайда оларға да сабақ жоспары мен бақылау парағы ұсынылады, сондай-ақ Сабақты зерттеуді өткізу мақсаты айтылады.

Сыныпта бақылау жүргізу әдістері мен тәсілдері

- Құрылымдалмаған бақылау – бақылау жазбасы құрылымдалмаған тұтас мәтінмен (мен не көремін, содан кейін жазамын), яғни нақты критерийлерге сүйенбей жүзеге асырылады.
- Жартылай құрылымдалған бақылау – жазба сабақ бойы жазылатын нақты критерийлер (кесте/бақылау парағы түріндегі шаблон) негізінде жүргізіледі.
- Құрылымдық бақылау – бақылаушы бақылау шаблонның/кестесінің белгілі бір нүктесінде жай ғана құсбелгі/плюс немесе минус қояды.
- Графикалық бақылау – сабақта мінез-құлық факторларын зерттеу үшін қолданылады. Диаграмма сабақ кезінде оқушы мен мұғалімнің қозғалысына дейін көрсетіледі.
- 8 фотосурет әдісі – сабақ барысында оқушылардың мінез-құлқын, эмоцияларын бақылау мақсатында бірнеше фотосуреттер түсіріледі (8 данаға дейін).
- Timeline – ақпаратты хронологиялық ретпен топтастыруға арналған құрал. Timeline әдісі – бұл сабақтың әр түрлі элементтері уақыт бойынша белгіленетін тік немесе көлденең сызық. Уақыт сызығы сонымен қатар тақырып пен субтитрді қамтиды, ол қандай тақырыпқа арналғанын, уақыт белгілерін, суреттерді түсіндіреді.
- Транскрипт – сабақ барысында мұғалімнің немесе белгілі бір оқушының сөйлеуі жазылады.

6. Оқушылармен сұхбат жүргізу

Сабақты бақылау барысында мұғалімдер үшін түсініксіз болған тұстарды анықтауға мүмкіндік беретіндіктен, аталған кезең өте маңызды болып есептеледі.

Сұхбатқа арналған сұрақтар:

- Бүгін сабақта не білдің?
- Сіз не үйрендіңіз?
- Қай тұста қиындықтарыңыз болды?
- Қиындықтардан қалай шықтың? Сізге кім көмектесті? Сізге не көмектесті?
- Бүгінгі сабақта нені өзгертер едіңіз?
- Сабақта сізге не ұнамады?
- Сабақта сізге не ұнады?

Ұсыныстар:

- ✓ Оқушылармен сұхбат жүргізген кезде, олар бір-бірінің жауаптарын естімейтіндігін ескеру қажет
- ✓ Сұхбат барысында мұғалім алдын-ала дайындалған сұрақтарға жүгінеді, сонымен қатар қосымша да сұрақтар қоюға болады (мәселен, нақтылайтын сұрақтар).
- ✓ Оқушылардың жауаптары жазбаша түрде, аудио немесе бейнежазба түрінде тіркеледі.

7. Сабақты талдау **талқылау** кезеңінде жүреді. Ол зерттеу сабағынан кейін мұғалімдердің бақылаулары мен оқушылардың оқу дәлелдерінің барлық материалдарын қолдана отырып жүзеге асырылады. Талқылау барысында мұғалімдер А,В,С оқушыларын бақылау кезінде алынған дәледемелерді (Бақылау парақтары, фото, бейнематериал, оқушылардың жұмыстары да болуы мүмкін) сонымен қатар интервью кезінде оқушылардан алған жауаптарының жазбасын қолданады.

Мүмкіндігінше топ модераторын тағайындаған дұрыс (ол сабақты өткізген мұғалім, немесе топ құрамындағы кез-келген мұғалім бола алады). Модератор келесі аспектілердің ұстануын қадағалайды:

- әрқайсысының белсенділігі: барлығы белсенді және пікір білдіру тиіс теңдік ережесін ұстану
- талқылау нақты қарастырылатын сұрақтардан ауытқымауы тиіс
- талқылау барысында басты назарда мұғалімнің әрекеті емес, оқушыларды оқыту нәтижесі мен олардың әрекеттері болуы тиіс.
- мұғалімнің әрекетіне сын айтылмайды, өйткені барлық топ сабақтың нәтижесіне жауап береді.

Талқылау барысында қойылатын сұрақтардың түрлері:

1. Қолданылған стратегиялар мен тәсілдер Бақыланатын оқушыларға қатысты қаншалықты тиімді болды? Бұған қандай дәлелдеме келтіруге болады?
2. Сабақтың мақсатына жетті ме? Бұған қандай дәлелдеме келтіруге болады?
3. А,В,С оқушылары әрекеттерінің күтілетін нәтижелері сабақты өткізгенге дейінгі Бақылау парақтарындағы олардың шынайы нәтижелерімен ұқсас келді ме? Бұған қандай дәлелдеме келтіруге болады?
4. Сабақ барысында оқушылардың сапалы жұмыс жасауына жағдай туғызған/кедергі/келтірген сәттер? Аталған қорытынды ненің негізінде жасалды?
5. Оқушылар басқа оқушыламер қалай қарым-қатынасқа түсті? Аталған қорытынды ненің негізінде жасалды?
6. Бұдан да сапалы нәтижеге жету үшін аталған сабаққа қандай өзгерістер енгізуге болады? (тапсырмаларды қосу/алып тастау, стратегияларды өзгерту, кейбір тапсырмаларды орындаудың жұмыс түрлерін өзгерту, тапсырмаларды орындау реттілігін өзгерту, қосымша қолдау көрсету және т.б.)
7. Сабаққа, сондай-ақ жеке тапсырмаларға, тәсілдер мен стратегияларға қатысты оқушыларды пікірі қандай? (интервью барысында ұсынылған оқушылардың жауаптары пайдаланылады).
8. Оқушылардың өз әрекеттеріне қатысты пікірі қандай? (интервью барысында ұсынылған оқушылардың жауаптары пайдаланылады).
9. Оқушылардың сыныптастарының жұмыстарына қатысты пікірі қандай? (интервью барысында ұсынылған оқушылардың жауаптары пайдаланылады).

Сабақты талқылау нәтижесі бойынша оқытуды қалай жақсартуға болатындығы, аталған сабаққа қандай өзгеріс енгізу керектігі, сабақтың мықты және әлсіз тұстарына, сонымен қатар, мұғалімдерді басқа да аспектілерге қатысты сұрақтары бойынша қорытынды шығарылады. Сабақты талқылау формасы жоғарыда белгіленген аспектілерге қатысты шешім енгізіліп толтырылады.

8. Келесі сабақты жоспарлау

Жоғарыда атап өткен барлық кезеңдер сапалы орындалған жағдайда мұғалімдерге тұтас, сондай-ақ, Сабақты зерттеуді өткізу мақсатына қатысты да оқыту мен оқу үдерісін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Аталған сабақты қалай жақсартуға болатындығы жайлы олардың қабылдаған шешімдерін, мұғалімдер келесі сабақты жоспарлау үшін қолданғысы келетіндігі анық. Бір цикл аясында екі сабақ өткізген дұрыс. Сынып немесе пәнді таңдау қағидаты Сабақты зерттеу мақсатына қатысты, мәселен, нақты сыныптың проблемасы шешілетін болса, келесі сабақ дәл сол сыныпта, бірақ пәні басқа болуы мүмкін: егер мақсат рәнге негізделсе, онда келесі сабаққа нақты сол пән бойынша өткізіледі. Өткізілген сабақтың жоспары алқалық қайта өндірілуі мүмкін (оның жақсаруға ықпал ететін өзгерістер енгізіледі), содан кейін өндірілген жоспар аталған тақырып бойынша, бірақ басқа сынып үшін қолданылады. Жоспарлау бірінші сабақты жоспарлауда ұстанған қағидатты ескеріле отырып ұйымдастырылады, яғни бірлесе немесе сабақ беретін мұғалімнің жеке жоспарлауы, бірақ барлық топ мұғалімдерінің жоспарды бекітуі міндетті. Мұғалімдер тобы сол құрамда қалады, топ құрамына Сабақты зерттеуді өткізу мақсатына қызығушылық танытатын мұғалімдер қосылуы мүмкін.

9. Келесі іс-әрекеттер

1. Сабақты зерттеудің барлық нәтижелері (бақылау нәтижелері, тиімділігі туарлы шешімдер) мектепте ұйымдастырылатын әдістемелік жиналыс, педагогикалық кеңес басқа да ұйымдастыру іс-шаралары барысында міндетті түрде барлық мұғалімдерге жеткізілуі тиіс. (күпиялылық қағидатын ұстану міндетті: бақыланған оқушылардың есімдері кодталуы тиіс, аталған оқушыларды тануға мүмкіндік беретін суреттер болмауы тиіс). Мектепте Сабақты зерттеу өткізудің кестесі мен қорытындысы тіркелетін арнайы стенд жасалуы мүмкін.
2. Өз мектебінде Сабақты зерттеу қорытындысын ортаға салумен қатар, аймақтың басқа да мұғалімдерін де таныстыру жолдарын қарастыруға болады. Бұл аймақтық конференция, семинар, «дөңгелек үстел», шеберлік сыныптары мен басқа іс-шараларда жасалынуы мүмкін.

Сабақты зерттеудің жоғарыда аталған құрылымы кеңінен танылды, дегенмен бүкіл әлемдегі білім беру жүйелері мақсатқа байланысты сабақты зерттеудің әртүрлі түрлері мен модельдерін қолданады. Lesson Study өзінің ұжымдық, зерттеушілік және рефлексиялық сипатының арқасында бұл тәсіл мұғалімдерді оқыту және білім алушылардың кәсіби қауымдастықтарын құру мүмкіндіктерін кеңейтеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Lesson Study тәжірибелі мұғалімдермен қатар, еңбек жолын жаңа бастаған мамандарға да кәсіби жетілуге көмектеседі. Себебі бірлесіп жоспарлау, бірлесіп қадағалау, бірлесіп талдау арқылы біз оқыту туралы бірлескен пікір қалыптастырамыз. Бұл жағдайда біз оқыту аспектілерін өзіміздің ұстанымымыз тұрғысынан ғана емес, *Lesson Study* дайындаған әріптестеріміздің көзімен де қарастырамыз, соның нәтижесінде біз *Lesson Study* барысында бақылаған нақты сабақты өзіміздің жоспарлаған сабағымызбен салыстырамыз. Бұл біздерге өзіміз әдетте мән бермейтін, елемейтін, әдетте «шеттетіп тастайтын» немесе болжамды білім ретінде сақталып қалатын нәрселерді аңғаруымызға түрткі болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI ҚР Заңы.
- 2 «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусымдағы №292 бұйрығымен бекітілген)
- 3 П.Дадли «Lesson Study: теориясы мен қолдану тәсілдері», Астана, 2013
- 4 Тошия Чичибу «Как проводить Lesson Study» в школах?» https://www.metod-kopilka.ru/kouching-sessiya_quotlesson
- 5 Catherine Lewis “Does Lesson Study Have a Future in the United States?”/Кэтрин Льюис “Есть ли будущее у Исследования урока в США?”

REFERENCES

- 1 "Pedagog mártebesі túraly" 2019 jylǵy 27 jeltoqsandaǵy №293-VI QR Zańy.
- 2 "Bilim berý deńgeileri boyynsha sapany qamtamasyz etý jónindegi nusqaýlyq" (Qazaqstan Respublykasy Bilim jáne ǵylym ministriniń 2022 jylǵy 23 maýsymdaǵy №292 buıryǵymen bekitilgen)
- 3 P.Dadlı "Lesson Study: teoriasy men qoldaný tásilderi", Astana, 2013
- 4 Toshiya Chichibý "Kak provodit Lesson Study" v shkolah?"https://www.metod-kopilka.ru/kouching-sessiya_quotlesson
- 5 Catherine Lewis "Does Lesson Study Have a Future in the United States?"/Ketrin Lúis "Es li býdýshee ú Issledovania ýroka v SSHA?"

Актуальность изучения урока в совершенствовании педагогического опыта

Пазылова Г.Ш.¹, Мусина А.Д.¹

¹Филиал центра Педагогического мастерство, г.Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

В статье рассмотрен вопрос совершенствования опыта педагогического специалиста, владеющего современными подходами и технологиями обучения школам страны в условиях реформирования среднего образования. В этой связи, всесторонне изучено, является ли анализ собственного опыта и опыта коллег, определение направлений развития своего опыта, изучение урока/ деятельности совместно с коллегами и распространение результатов исследований, актуальными навыками казахстанского педагога. Авторы также дали обзор задач педагога на актуальность совершенствования своего профессионального опыта, активизации творческого потенциала. В связи с этим рассматривается проблема использования изучения уроков (Lesson Study) как одного из способов совершенствования преподавания и учебной работы в современной школе. Дается краткая характеристика видов и моделей изучения урока и этапов его организации. Ключевые слова: подход» исследование урока(Lesson Study", фокус-группа, исследовательский вопрос, планирование урока, наблюдение, обсуждение.

Relevance of lesson research in improving pedagogical experience

G. Sh. Pazylova¹, A.D. Musina¹

¹branch of the Center for pedagogical excellence, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan.

The article considers the issue of improving the experience of a pedagogical specialist who knows modern approaches and technologies of teaching schools in the country in the context of reforming secondary education. In this regard, it has been comprehensively studied whether the analysis of one's own experience and the experience of colleagues, the definition of directions for the development of one's experience, the study of a lesson/ activity together with colleagues and the dissemination of research results are relevant skills of a Kazakhstani teacher. The authors also gave an overview of the tasks of the teacher on the relevance of improving their professional experience, activating creative potential. In this regard, the problem of using Lesson Study as one of the ways to improve teaching and learning in a modern school is considered. A brief description of the types and models of studying the lesson and the stages of its organization is given.

Keywords: lesson Study approach, focus group, research question, lesson planning, observation, discussion.

ГРНТИ 14.07/-15

Н.М. Стукаленко¹, Д.В. Лепешев², Д.А. Доскенова³

¹д.п.н., профессор, академик АПНК, НАО Кокшетауский университет им Ш. Уалиханова, г.Кокшетау, 020000, Республика Казахстан, <https://orcid.org/0000-0001-9898-4674>, E-mail: nms.nina@mail.ru

²к.п.н., ассоциированный профессор, академик АПНК, НАО Кокшетауский университет им Ш. Уалиханова, г.Кокшетау, 020000, Республика Казахстан, ORCID: 0000-0002-9256-1571 E-mail: d_lepeshev@mail.ru

³м.п.н., ассистент лектора, НАО Кокшетауский университет им Ш. Уалиханова, г.Кокшетау, 020000, Республика Казахстан, E-mail: dkakimova@inbox.ru

РАБОТА С ПЕДАГОГИЧЕСКИМ КЛАССОМ В КОНТЕКСТЕ ПРОФИЛИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ